

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛІН ДАМЫТУ

А.Б. Сакулова^{1,*} , А.Ж. Калыкбаева¹ , А.А. Байтұрсынова² ,
Г.Т. Танабаева³ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

*e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, almagulkaalykbaeva@yandex.ru,
aigul.baitursynova.72@gmail.com, gulmira.tanabayeva.84@mail.ru

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) III деңгейдегі 5-6 жастағы балалардың сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын жетілдірудің тиімді жолдары қазақ халық ертегілерінің тәрбиелік және тілдік әлеуеті негізінде қарастырылды. Қазақ халық ертегісі – баланың тілін дамытудың тек көрнекі құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани және мәдени мұрасын жеткізетін, жаңа сөздерді меңгерту мен сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды әдістемелік құрал болып табылады. Зерттеу барысында алдымен жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу ерекшеліктері сипатталып, олардың лексикалық қоры мен грамматикалық жүйесінің жеткіліксіздігі түзете-дамыту бағытындағы арнайы педагогикалық жұмыстың ерекше тәсілдерін талап ететіні анықталды. Шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ халық ертегілерін тіл дамытудың тиімді құралы ретінде пайдаланудың теориялық негіздері жан-жақты талданды. Мақалада ертегіні логопедиялық тәжірибеде қолданудың негізгі әдістемелік бағыттары ұсынылады: ертегі мазмұнын қайталау, рөлдік сахналау, иллюстрацияларды пайдалану арқылы әңгімелеу және диалогтік қарым-қатынас ұйымдастыру тәсілдері жүйеленді. Осы әдістердің барлығы арнайы педагогика саласында қолдануға арналған үлгілік модель түрінде құрылып, олардың тиімділігі кешенді түрде сипатталды. Аталған тәсілдерді біріктіре пайдалану балалардың сөздік қорын молайтуға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуға елеулі әсер ететіні анықталды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақтың халық ертегілерін логопедиялық мақсатта бейімдеу арқылы жалпы сөйлеу тілі дамымаған III деңгейдегі балалардың лексикалық және грамматикалық дамуын қамтитын әдістемелік жүйені алғаш рет тұтас құрылымда ұсыну. Сонымен бірге, диалогтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ертегі мәтіндерінің құрылымдық ерекшеліктерін тиімді қолдану жолдары мен нақты логопедиялық әдістері жүйеленіп берілді. Зерттеу нәтижесінде қазақ халық ертегілеріне негізделген логопедиялық модельді қолдану жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорының, грамматикалық құрылымдарды қолдану және диалогтік сөйлеу дағдыларының айтарлықтай жақсаруына ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: ертегі терапиясы, сөздік қор, грамматикалық құрылым, байланыстырып сөйлеу, диалог.

Кіріспе

Қазақ халық ертегілері – халқымыздың көне дәуірлерден бері жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан, рухани тәжірибесі мен ұлттық арман-мұраттарын бейнелейтін құнды фольклорлық қазына. Ертегі жанры қазақтың ауыз әдебиетінде аса бай, көркем әрі тәрбиелік әлеуеті жоғары сала ретінде ерекшеленеді. Сондықтан мұнда жинақталған адамгершілік құндылықтарды бала бойына ерте жастан сіңіру – маңызды тәрбиелік міндеттердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалар ертегіні тыңдау және мазмұндау барысында қиялын дамытып қана қоймай, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға үйренеді.

Қазақ халық ертегілері – ұлттың рухани мұрасы әрі балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызды құралы. Жолтаева Г.Н. мен Аяджан М.Т. [1] зерттеулерінде ертегілер арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратуды, адалдық, еңбекқорлық, әділдік сияқты құндылықтарды меңгереді. Сонымен бірге, олар баланың

қиялын, эмоциялық интеллектісін және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Қазақ халық ертегілерін оқу мен талқылау баланың мінез-құлқын, ойлау мәдениетін және рухани дүниесін байыта отырып, тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Қазақ халық ертегілері мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік, танымдық және әлеуметтік дамуын қолдауда маңызды құралдардың бірі болып саналады. Сол себепті жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларға осы құралды қолдану өте тиімді. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысында ертегі жанрының мүмкіндіктері ерекше мәнге ие. Ертегі мәтіндерінің құрылымы, бейнелі тілі және кейіпкерлер арасындағы қарапайым диалогтар баланың тілдік белсенділігін арттыруға, сөйлемді жүйелі құрастыру дағдысын дамытуға және сөздік қорын кеңейтуге тиімді әсер етеді.

ЖСТД сипатталатын балаларда лексикалық қордың тапшылығы, грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану дағдыларының жеткіліксіздігі, байланыстырып сөйлеудің бұзылуы жиі байқалады. Ертегілерді жүйелі қолдану осы кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді, себебі ертегілік мәтіндер баланы қайталау, сұраққа жауап беру, оқиғаны ретімен айту және кейіпкерлердің рөлін ойнау сияқты тілдік әрекеттерге белсенді қатысуға жетелейді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы – есту қабілеті қалыпты және интеллектісі дұрыс сақталған балаларда кездесетін, тілдің фонетикасы, лексика-грамматикалық құрылымы мен байланыстырып сөйлеуінің бұзылыс ретінде қарастырылады. Левина Р.Е. [2] еңбектерінде Мұндай тілдік ерекшеліктер баланың қоршаған ортамен еркін қарым-қатынас жасауына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне, сондай-ақ білім алуына кедергі келтіреді. Зерттеушінің пікірінше, ерте жастағы сөйлеу тілінің толық қалыптаспауы баланың танымдық өрісінің дамуын тежеп, кейінгі оқу әрекетінің нәтижесіне елеулі деңгейде әсерін тигізеді.

Қазақ халық ертегілерін мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін жетілдіруде қолдану – өзекті және перспективалық бағыттардың бірі. Ибатова Г.Б. мен Қораш Ә.Е. [3] еңбектерінде ертегі тек сөздік қорды байытып қана қоймай, баланың қоршаған орта туралы түсінігін тереңдетеді, ұғымдық және бейнелі ойлауын дамытады. Ертегілерде жиі кездесетін қайталанбалы сөйлем құрылымдары мен ырғақтылық баланың есте сақтау қабілетін күшейтіп, сөйлеу белсенділігін арттырады. Ал кейіпкерлер арасындағы диалогтар грамматикалық тұрғыда дұрыс сөйлем құруға және байланыстырып сөйлеуді дамытуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдардағы зерттеулер ертегілерді жүйелі қолдану балалардың лексикалық және грамматикалық қабілеттерін кешенді дамытуға оң әсер ететінін айқындап отыр.

Сонымен қатар, қазақ халық ертегілерін логопедиялық тұрғыда қолдану мәселесі арнайы және түзету педагогика саласында жеткілікті деңгейде зерттелмегені байқалады. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты – жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын және грамматикалық құрылымдарды меңгеруін қазақ халық ертегілері арқылы жетілдірудің теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау болып табылады.

Аталған мақсатқа сәйкес келесі ғылыми міндеттер белгіленді:

1. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда байқалатын сөздік және грамматикалық жүйедегі бұзылыстардың теориялық алғышарттарын талдау;
2. Қазақ халық ертегілерінің тіл дамытудағы педагогикалық және психолінгвистикалық әлеуетін отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде қарастыру;
3. Логопедиялық тәжірибеде ертегі материалдарын қолданудың тиімді әдістемелік тәсілдерін жүйелеу;
4. Қазақ халық ертегілері арқылы сөйлеу тілін дамытуға бағытталған педагогикалық-логопедиялық модельдің құрылымын ұсыну.

Қазіргі кезеңде сөйлеу тілі бұзылыстары бар қазақ тілді балалардың тілдік дамуын жетілдіру, оларды мектепке дайындау және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мен коммуникативтік мәдениетті нығайтудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл міндеттер елдің тіл саясаты мен ұлттық білім беру жүйесінде өзекті мәнге ие [4].

Ұсынылып отырған мақала жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіруде қазақ халық ертегілерінің тәрбиелік және тілдік әлеуетін тиімді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастырады. Зерттеу барысында ертегі тек мәдени-танымдық материал ретінде емес, логопедиялық жұмыстың құрылымдық әрі мазмұндық компоненті ретінде қарастырылып, оның бала тілін белсендіру, грамматикалық құрылымдарды меңгерту және сөздік қорды кеңейтуге ықпал ету тетіктері айқындалды.

Әдебиетке шолу

Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың тілін дамыту мәселесі шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. Ғалымдар ертегі мен әңгімелеу тәсілдерінің баланың тілдік, когнитивтік және эмоциялық дамуына әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Шетел зерттеулерінде ертегі баланың ойлау қабілетін жетілдіріп, адамгершілік сезімін қалыптастыратын, тілдік даму процесін жеделдететін тиімді педагогикалық құрал ретінде сипаттады. Психоаналитик Bettelheim В. [5] ертегі баланың ішкі жан дүниесіне еніп, қиялын жандандыратынын, тұлғалық дамуына және моральдық бағдар қалыптастыруына ықпал ететінін атап көрсетеді.

Duke университетінің «Балалар және отбасы саясаты» орталығының жүргізген зерттеулері бұл пайымдауды растайды. 1292 бала қатысқан зерттеу нәтижесінде ата-анасымен жиі ертегі тыңдайтын балалардың мектепке бару кезеңінде тілдік даму мен оқу жетістіктері едәуір жоғары болғаны анықталған. Мұндай оң нәтиже ата-ананың ертегі айту кезінде сұрақ қою, әңгімені бірлесе құрастыру және баламен тілдік байланыс орнату тәжірибесіне байланысты деп түсіндіріледі. Бұл үдеріс баланың сөздік қорын кеңейтіп, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға және байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады. Осыған ұқсас нәтижелерді Isbell R., Sobol J., Lindauer L., Lowrance A. [6] анықтаған: тәрбиеші мен логопед мамандары ертегіні көркем, бейнелі түрде баяндаған жағдайда, балалар күрделі сөйлем құрылымдарын жиі пайдаланып, өз ойын еркін жеткізетін болған. Бұл деректер шетелдік ғылыми тәжірибеде ертегіні тіл дамытудың тиімді әдісі ретінде мойындаудың теориялық және практикалық негізін дәлелдейді.

Ресей педагогикасында «ертегі терапиясы» ұғымы кеңінен қалыптасқан. Л.С. Выготскийдің [7] мәдени-тарихи тұжырымдамасына сәйкес, сөйлеу тілі баланың әлеуметтік өзара әрекеті барысында дамиды, ал ертегі – сол қарым-қатынастың табиғи әрі дамытушы формасы ретінде қарастырылады. Зерттеуші ертегі мазмұнының баланың мағыналық түсінігін кеңейтіп, ойлау мен тілдік қабілеттерін дамытатынын ерекше атап өтеді. Ал Р.Е. Левина [2] жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларға арналған логопедиялық көмектің кешенді ұйымдастырылуының маңызын көрсетті. Ол мұндай балалардың лексикалық және грамматикалық жүйелерінің жеткіліксіздігі оқу мен сауат ашу процесінде айтарлықтай қиындықтар туғызатынын анықтады.

Сондай-ақ, Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова және Т.Б. Филочева [8] секілді ғалымдар сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы әдістемелік жүйелер ұсынған. Олар логопедиялық сабақтарға ертегі мазмұнын енгізу арқылы балалардың тілдік белсенділігін арттырудың тиімді екенін дәлелдеген. Зинкевич-Евстигнеева [9] бастаған зерттеушілер тобы қалыптастырған «ертегі терапиясы» бағыты сөйлеу, эмоциялық және танымдық дамуды біртұтас жүйеде қолдауға бағытталған инновациялық психологиялық-педагогикалық тәсіл ретінде танылды.

Бұл бағытты дамытқан Е.В. Жулина [10] және оның әріптестері ертегі желісінде құрылған тапсырмалар мен ойын элементтері балалардың тілдік белсенділігін жоғарылатып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын нығайтатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Сонымен бірге, Жулина мен Кузнецова [11] жүргізген зерттеу нәтижелері ертегі кейіпкерлерін бейнелеу және рөлдік ойындарды ұйымдастыру диалог пен монологтік сөйлеудің сапасын айтарлықтай жақсартатынын көрсеткен.

Қазақстандық арнайы педагогика ғылымында да бұл бағыттың дамуы байқалады. А.Мовкебаева мен А.Ы. Ермагамбет [12] халық ертегілері мен ойын тәсілдерін қолданудың тиімділігін негіздеп, арнайы педагогтарды шығармашылық бағытта даярлаудың маңыздылығын

атап өтеді. Б.М. Мажинов пен М.Е. Амангелді [4] логопедиялық сабақтарда мазмұнды жинақтау мен қайталау әдістерін пайдалану арқылы балалардың сөйлеу белсенділігін күшейтуге болатынын көрсеткен. Ал Г.Б. Ибатова мен Ә.Е. Қораш [3] қазақ халық ертегілерін логопедиялық құрал ретінде жүйелеп, олардың сөйлеу қабілетіне оң ықпал ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген.

Жалпы алғанда, қарастырылған әдебиеттер ертегінің тек тәрбиелік рөлімен шектелмей, сонымен қатар баланың тілдік және когнитивтік қабілеттерін жетілдірудің тиімді әдіснамалық құралы екенін дәлелдейді. Қазақ халық ертегілерін логопедиялық тәжірибеде пайдалану сөздік қорды байытуға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс меңгеруге және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні айқын. Осы бағыттағы зерттеулердің одан әрі кеңеюі мен әдістемелік жүйеленуі арнайы педагогика ғылымының өзекті және келешегі мол саласын құрайды.

Зерттеу жұмысының теориялық тұғыры баланың сөйлеу тілін дамыту мәселесін психолінгвистикалық және педагогикалық тұрғыдан талдауға негізделеді. Бұл бағытта Л.С. Выготскийдің [13] мәдени-тарихи даму тұжырымдамасы зерттеудің әдіснамалық іргетасы ретінде алынған. Оның пайымдауынша, баланың тілдік дамуы әлеуметтік өзара әрекет барысында және ересектер тарапынан көрсетілетін тілдік қолдаудың нәтижесінде қалыптасады. Яғни, баланың сөйлеу қабілетінің жетілуі оның «жақын арадағы даму аймағында» жүзеге асады. Осы қағида тұрғысынан ертегі айту үдерісі ересек адам мен бала арасындағы табиғи әрі дамытушы қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылады.

Ертегіні тыңдау барысында бала жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды дайын тілдік үлгілер арқылы қабылдап, оларды өз сөйлеу тәжірибесіне енгізеді. Л.С. Выготский [7] шығармашылық пен қиялды баланың дамуының маңызды қозғаушы факторы ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, қиял-ғажайып элементтерге бай қазақ халық ертегілері баланың тілін дамытумен қатар, оның елестету және логикалық ойлау қабілеттерін де жетілдіруге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін арнайы тілдік орта қалыптастыру қажеттілігі көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген. З.А. Мовкебаева мен А.Б. Ермагамбет [12] өз зерттеулерінде қазақ тіліндегі тілдік органы ұйымдастыруда ертегі материалдарын пайдалану логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыратынын дәлелдейді. Осы идеяны дамыта отырып, Г.Б. Ибатова [3] логопедиялық тәжірибеде «Ертегі бұрышы» сияқты арнайы тілдік аймақтар құрудың маңыздылығын атап өтеді. Оның пікірінше, мұндай кеңістіктер балада сөйлеуге деген қызығушылықты, тілдік белсенділікті және ішкі мотивацияны арттырады.

Мотивацияның тілдік даму процесіндегі шешуші рөлін Зинкевич-Евстигнеева [9] да атап өтеді. Ол баланың сөйлеуге деген ынтасы мен эмоционалдық қатысуы тілдік дамудың негізгі қозғаушы тетігі екенін дәлелдеген.

Ертегіні тыңдау, мазмұндау және талдау барысында бала жаңа сөздердің мағынасын түсініп, оларды өз сөйлеуінде орынды қолдануға үйренеді. Бұл үдеріс оның ойды жүйелі жеткізу, сөйлем құрау және грамматикалық формаларды дұрыс пайдалану қабілетін дамытады. Мұндай әдістемелік қағидаттар Г.Б. Ибатова мен Ә.Е. Қораш [3] еңбектерінде де нақтыланып, логопедиялық жұмыстың мазмұнында тиімді тәсілдер арқылы іске асырылған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ халық ертегілерін қолдану арқылы жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын кеңейту мен грамматикалық құрылымдарды меңгеруін ғылыми тұрғыдан негіздеу болып табылады. Осыған байланысты ертегі тек тәрбиелік және мәдени құндылық ретінде ғана емес, сонымен қатар баланың сөйлеу әрекетін дамытатын психолінгвистикалық және әдістемелік ықпалы жоғары құрал ретінде қарастырылды.

Мақсатқа жету үшін зерттеу барысында бірнеше өзара байланысты ғылыми әдістер қолданылды. Алдымен, теориялық талдау әдісі арқылы сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың тілдік дамуы мен оны түзетудің жолдарын сипаттайтын шетелдік, ресейлік

және отандық ғылыми еңбектер зерделенді. Бұл кезең логопедиялық тәжірибеде ертегіні қолданудың теориялық негіздерін айқындауға және оның тиімділігін, сондай-ақ баланың жас ерекшелігіне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, зерттеу процесінде логопедиялық тәжірибеде жиі қолданылатын дәстүрлі әдістердің мазмұны талданып, олар қазақ халық ертегілерінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерімен үйлестірілді. Нәтижесінде мазмұндау, диалогтік әңгімелесу, сұрақ-жауап тәсілі, көрнекілік арқылы әңгімелеу, сахналау және шығармашылық жалғастыру сияқты әдістердің ертегі мәтінімен өзара ықпалдасу формалары айқындалды.

Зерттеу тәжірибелік-эксперименттік сипатта ұйымдастырылып, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен тұрды. Жұмыс барысында қазақ халық ертегілеріне негізделген логопедиялық сабақтардың кезеңдік құрылымы мен балалардың сөздік қоры және грамматикалық құрылымдарын жетілдіруге бағытталған модель тәжірибе жүзінде апробацияланды.

Зерттеуге жалпы саны 30 мектеп жасына дейінгі бала қамтылды. Қатысушылардың жасы 5-6 жас аралығында болып, барлығы ЖСТД ІІІ деңгейі бар балалардан тұрды. Зерттеу №32 Арнайы балабақша базасында жүргізілді.

Балаларды зерттеуге іріктеу келесі талаптар негізінде жүзеге асырылды:

- баланың жасы 5-6 жас аралығында болуы;
- ПМПК қорытындысы бойынша ЖСТД ІІІ деңгейінің анықталуы;
- есту және көру қабілеттерінің сақталуы;
- интеллектуалдық дамудың жас ерекшелігіне сәйкес келуі;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) зерттеуге қатысуға жазбаша келісім беруі.

Зерттеу барысында өзара байланысты бірнеше ғылыми әдістер кешені қолданылды. Алдымен сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың тілдік дамуы мен оны түзету мәселелерін қарастыратын шетелдік, ресейлік және отандық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жүргізілді. Бұл кезең ертегіні логопедиялық тәжірибеде қолданудың ғылыми-әдістемелік алғышарттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік кезеңде балалардың сөйлеу дамуын бағалау үшін келесі диагностикалық құралдар пайдаланылды:

- логопедиялық бақылау және әңгімелесу (баланың диалогке қатысу белсенділігі, сұраққа жауап беру ерекшелігі);
- сөздік қорды анықтауға арналған тапсырмалар (зат атаулары, қимылды білдіретін сөздер, сын есімдер, белсенді сөздік қор көлемі);
- грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейін бағалау тапсырмалары (көптік формаларды қолдану, сөз түрлендіру, қарапайым сөйлем құрау);
- байланыстырып сөйлеуді бағалау (ертегі мазмұнын қайта баяндау, иллюстрация бойынша әңгімелеу).

Барлық тапсырмалар қазақ халық ертегілерінің мазмұны мен лексикалық мүмкіндіктеріне негізделіп, балалардың жас және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды.

Балалардың сөздік қорының деңгейі, грамматикалық құрылымдарды қолдануы және диалогтік сөйлеу дағдылары үш деңгейлі шкала арқылы анықталды:

- төмен деңгей – жауаптарының қысқа болуы, сөздік қорының шектеулілігі және грамматикалық қателердің жиі кездесуі;
- орта деңгей – қарапайым сөйлемдер құрау және кейбір грамматикалық формаларды дұрыс қолдану;
- жоғары деңгей – сөздерді орынды пайдалану, грамматикалық жағынан дұрыс әрі байланыстырып сөйлеу.

Алынған нәтижелер анықтаушы және бақылау кезеңдері бойынша салыстырылып, сөйлеу дамуындағы оң өзгерістер динамикасы талдау әдісі арқылы анықталды.

Зерттеу барысында логопедиялық тәжірибеде кеңінен қолданылатын дәстүрлі әдістер қазақ халық ертегілерінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерімен ықпалдастырылды.

Атап айтқанда, мазмұндау, диалогтік әңгімелесу, сұрақ-жауап, иллюстрация бойынша әңгімелеу, сахналау, құм терапиясы және авторлық ертегі құрастыру әдістері пайдаланылды. Бұл әдістердің қолданылу ерекшеліктері мен күтілетін нәтижелері кесте 1-де жүйеленген.

Кесте 1 – Ертегілерді қолдануға негізделген әдіс-тәсілдер.

Әдіс-тәсіл атауы	Қолдану ерекшеліктері (ертегімен байланысы)	Күтілетін нәтиже
Ертегіні әңгімелеп айту	Логопед ертегіні кітаптан оқымай, өз сөзімен түсінікті әрі бейнелі түрде баяндайды. Балалар тыңдау кезінде негізгі кейіпкерлер мен оқиғаларды анықтайды. Тыңдаудан соң логопед мазмұны бойынша түсініктеме сұрақтар қойып, әңгімелеу жұмысын жүргізеді [3].	Бала тыңдау арқылы жаңа сөздерді меңгереді, есте сақтап, сұрақтарға жауап беру барысында белсенді сөздік қорын қолданады. Монологтік және диалогтік сөйлеуді түсіну және қабылдау қабілеттері дамиды.
Сахналау (драматизация)	Балалар ертегі желісіне сәйкес шағын көріністерді сахналайды: әр бала кейіпкер рөлін орындайды, диалогтарды айтады. Қажет болған жағдайда логопед мәтінді сыбырлап бағыттайды. Қазақ ертегілеріндегі диалог үлгілері (мысалы, «Сен неге үндемейсің?») қайталанып қолданылады [10].	Диалогтік сөйлеу тәжірибесі қалыптасады. Сұрақ-жауап үлгілерін меңгереді. Интонация мен дауыс ырғағын дұрыс қолдану дағдылары жетіледі. Сахналық әрекет барысында тұйық балалар белсенділік танытып, ойын еркін жеткізеді.
Иллюстрация бойынша әңгімелеу	Ертегі мазмұнын тыңдатқаннан кейін логопед балаларға сол ертегіге арналған суреттерді көрсетеді және кейіпкерлер мен оқиғаларды сипаттауды сұрайды. «Не істеді?», «Қандай мінез көрсетті?» сияқты сұрақтар арқылы диалогтік талдау жүргізіледі [3].	Сипаттап сөйлеу және байланыстырып баяндау қабілеттері артады. Жаңа сөздердің мағынасы нақты түсінеді. Белсенді сөздік қоры байып, сөйлем құрастыру және мәтіндік тұтастықты сақтау дағдылары дамиды.
Құм терапиясы (құммен бейнелеу)	Матсюк З. мен Фенко М. [14] еңбектерінде балалар дымқыл құм үстінде ертегі сюжетінің элементтерін бейнелейді (мысалы, ағаштар, үй, тау, кейіпкерлер). Әр бала өз бөлімін салып, оны сипаттап әңгімелейді. Логопед қосымша сұрақтар қойып, пікір алмасуды ұйымдастырады.	Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. Құммен жұмыс балалардың қызығушылығын арттырады. Сюжетті бейнелеу және сипаттау барысында сөйлеу белсенділігі күшейеді. Диалог құру мен дыбыстау дағдылары жетіледі.
Авторлық ертегі құрастыру	Логопед балалармен бірлесе жаңа ертегі ойлап табады: мазмұн, кейіпкерлер мен оқиғалар ұжымдық талқылау арқылы анықталады. Балалар жеке сөйлемдер мен оқиға бөліктерін ұсынады, ал логопед олардың идеяларын біріктіріп, оқиғаны толық құрастырады.	Балалардың тілдік шығармашылығы мен ой қиялы дамиды. Сөйлем құрау барысында грамматикалық құрылымдарды еркін пайдаланады. Өз ойын жүйелі жеткізіп, сөйлеуге деген ішкі мотивациясы артады.

1-кестеде берілген әдіс-тәсілдер логопедиялық сабақтардың құрылымына кезең-кезеңімен кіріктіріліп отырады. Әр әдіс сабақтың белгілі бір бөлігінде қолданылып, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталады.

Қазақ халық ертегілері негізінде логопедиялық сабақ кезеңдерінің құрылымдық үлгісі:

1. Сабақтың басталуы. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – балалардың назарын сабаққа шоғырландыру және оқу әрекетіне эмоционалдық дайындық қалыптастыру. Логопед қысқа әрі мазмұны қызықты қазақ халық ертегісін мәнерлеп, өз сөзімен әңгімелейді. Ертегіні тыңдау барысында балалар негізгі кейіпкерлер мен оқиғаларды есте сақтайды, мазмұнды түсінуге ұмтылады. Мұндай жұмыс түрі балалардың тыңдалым, қабылдау және зейін тұрақтылығы сияқты психологиялық-педагогикалық қабілеттерін белсендіреді.

2. Негізгі бөлім. Бұл кезеңде тыңдалған ертегі мазмұны иллюстрациялар арқылы қайта жаңғыртылады. Логопед суреттер негізінде балалармен сұхбат жүргізіп, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын сипаттауға бағыттайды. Келесі кезеңде балалар ертегі желісі бойынша рөлдерге бөлініп, шағын көрініс сахналайды. Бұл әрекет барысында балалар диалогке қатысады, сөйлеудің түрлі үлгілерін қолданады және интонация мен дауыс ырғағын тәжірибеде меңгереді. Мұндай шығармашылық әрекеттер сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік өзара әрекеттесудің табиғи жағдайын қалыптастырады.

3. Қорытынды кезең. Сабақтың соңғы бөлігі баланың шығармашылық қабілетін және сөйлеу белсенділігін ынталандыруға бағытталады. Балалар өткен ертегінің мазмұнын құм үстінде бейнелейді немесе өз қиялдарына сүйене отырып жаңа ертегі құрастырады. Мұндай тапсырмалар сөйлеуді белсендіруге, есте сақтау қабілетін күшейтуге, ойды жүйелі жеткізу мен бейнелеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әдістер логопедиялық сабақтың кіріспе, негізгі және қорытынды кезеңдеріне бірізді түрде енгізілді. Сабақтың кезеңдік құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Қазақ халық ертегілері негізінде логопедиялық сабақ кезеңдерінің құрылымы.

Суретте қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы логопедиялық сабақтың кіріспе, негізгі және қорытынды кезеңдерінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жүйесі көрсетілген. Құрылым мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарды меңгертуге және диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Осылайша, бір ертегіні негізге ала отырып, логопед сабақтың әр кезеңінде түрлі әдіс-тәсілдерді мақсатқа сай үйлестіре қолдана алады. Мұндай әдістемелік интеграция балалардың сөздік қорын байытуға, сөйлеу құрылымдарын меңгеруге және коммуникативтік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Балалардың сөйлеу даму ерекшеліктерін ескеру логопедиялық жұмыстың нәтижелілігін қамтамасыз ететін басты шарттардың бірі болып табылады. Сондықтан әдістер мен тәсілдерді таңдау кезінде баланың жас ерекшелігімен қатар, сөйлеу тілі дамуының деңгейін де назарға алу қажет.

Сөйлеу тілі бұзылған, сөздік қоры аз балалар үшін мазмұны қысқа әрі көрнекілікпен сүйемелдеуге ыңғайлы қазақ халық ертегілерін пайдалану тиімді. Мұндай ертегілермен жұмыс барысында суреттер арқылы әңгімелеу және сипаттау әдістері қолданылып, балаларға заттардың атауы мен қимылды білдіретін жаңа сөздер меңгертіледі. Көрнекілік материалдар баланың назарын шоғырландырып, сөз мағынасын нақты бейнелермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Ал грамматикалық құрылымдарды меңгеруде қиындық көретін балалар үшін грамматикалық үлгілер айқын көрініс тапқан ертегілерді іріктеу ұсынылады. Бұл материалдар балаларға рөлдік ойындар мен диалогтік жаттығулар арқылы қажетті грамматикалық формаларды қайталап айтуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл сөйлем құрау мен сөз түрлендіру қабілеттерін дамытуда ерекше нәтижелікті көрсетеді. Мысал ретінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) III деңгейдегі балалармен жүргізілетін жұмыста қазақ халық ертегісі «Мақта қыз бен мысық» шығармасын қолдануға болады. Бұл ертегінің мазмұнында «мысық», «сиыр», «тауық», «тышқан» сияқты сөздер мен олардың көпше түрлері жиі кездеседі. Логопед немесе тәрбиеші бұл сөздерді қайталау, диалог түрінде айту, рөлдік ойын элементтерін қолдану сияқты тапсырмаларды ұйымдастыра отырып, балалардың көптік формаларды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Осы жұмыс барысында балалар грамматикалық құрылымдарды белсенді меңгеріп, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытады. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сахналау балалардың тілдік белсенділігін арттырып, сөйлемді мазмұнды әрі грамматикалық тұрғыдан дұрыс құруға ықпал етеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік қарым-қатынасын дамыту мәселесі қазіргі логопедиялық ғылымның өзекті бағыттарының біріне айналып отыр. Sakulova A.B., Satova A.K. және Kalykbaeva A.Z. [15] зерттеулерінде логопедиялық түзету үдерісінде ойын элементтерін жүйелі пайдаланудың балалардың сөздік қорын белсенді түрде кеңейтетінін, сөйлеудің құрылымдық тұтастығын қалыптастыратынын және артикуляциялық дағдыларды жетілдіретінін атап көрсетеді. Сонымен бірге, сөйлеу бұзылыстары бар балалардың диалогтік сөйлеуін тиімді дамыту үшін қажет педагогикалық шарттар мен логопед пен тәрбиешінің бірлескен жұмысының маңызын айқындайды.

Сөйлеу тілі дамуының деңгейіне қарай ертегі мазмұнын және қолданылатын әдіс-тәсілдерді саралау логопедиялық сабақтың баланың жеке ерекшелігіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Мұндай бағыт баланың сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, оның грамматикалық құрылымдарды орынды қолдану және коммуникативтік қабілеттерін жүйелі түрде жетілдіруге жағдай жасайды.

Ұсынылып отырған модель 5-6 жастағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың тілдік қабілеттерін кешенді түрде дамытуға бағытталған теориялық және әдістемелік жүйе болып табылады. Бұл жастағы балалардың тілінде сөздік қордың шектеулілігі, сөйлем құраудағы тұрақсыздық және грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолданудағы қиындықтар жиі байқалады. Осыған байланысты модельдің басты мақсаты – қазақ халық ертегілерін қолдану арқылы балалардың грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту және диалогтік сөйлеу қабілетін дамыту.

Модельдің құрылымы «қарапайымнан күрделіге» қағидатына негізделіп, тіл дамыту жұмысын кезең-кезеңмен ұйымдастыруды ұсынады. Әрбір кезең алдыңғы нәтижелерге сүйене отырып, біртіндеп күрделенген тілдік әрекеттерге бағытталады. Модельдің жалпы логикасы мен құрылымы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Балалардың сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын дамыту моделі.

Нәтижесінде ұсынылған бұл модель баланың сөйлеу тіліндегі негізгі бұзылыстарды жүйелі әрі табиғи жолмен түзетуге ықпал етеді. Бұл модельді қолдану барысында баланың грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасып, белсенді сөздік қоры мен диалогтік қарым-қатынас жасау қабілеті дамиды. Осындай нәтижелер баланың мектепке психологиялық және тілдік тұрғыдан даярлығын арттырады.

Нәтижелер мен талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ халық ертегілеріне негізделген логопедиялық әдістердің жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда жоғары тиімді екенін көрсетті. Анықтаушы және бақылау кезеңдерінің салыстырмалы талдауы балалардың тілдік даму деңгейлерінде айқын оң динамиканың қалыптасқанын дәлелдеді. Ертегіге негізделген сабақтар балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық және байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етті.

Ертегіге негізделген әдістерді ғылыми және педагогикалық тұрғыдан талдау олардың сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеудегі жоғары тиімділігін дәлелдейді.

Біріншіден, логопедиялық жұмыс пен ойын әрекетінің өзара кірігуі балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Сабақ әсерлі эмоционалды ортада өткен жағдайда, бала еркін әрекет етіп, сөйлеу процесіне белсенді қатыса бастайды [4]. Ойын түріндегі ертегі сабақтары баланың ішкі мотивациясын оятып, қарым-қатынасқа түсуге деген табиғи қажеттілікті ынталандырады.


Екіншіден, ертегі мазмұнын түсіну және оны қайта баяндау үдерісінде балалар жаңа сөздерді қабылдап, оларды белсенді қолдануға дағдыланады [3]. Қазақ халық ертегілерінің тілдік құрылымдары қайталанбалы сипатқа ие («Мақта қыз бен мысық», «Жыл басына таласқан хайуанаттар»), сондықтан олар сөздік қорды бекіту мен есте сақтауда тиімді құралы болып табылады. Мұндай мәтіндер арқылы балалар заттардың атауларын, іс-әрекетті білдіретін етістіктерді, сын есімдер мен сипаттауыш сөздерді меңгереді. Сонымен қатар, ертегілердегі ұлттық ұғымдар мен көнерген сөздер баланың дүниетанымын кеңейтіп, когнитивтік дамуына оң әсерін тигізеді.

Үшіншіден, сахналау (драматизация) әдісін қолдану балалардың грамматикалық құрылымдарды табиғи тілдік ортада меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау барысында балалар кейіпкерлер ролін сомдап, диалог арқылы бұйрық рай формалары мен септік жалғауларын тәжірибелік жолмен қолдануға жаттығады [9]. Бұл әдіс грамматикалық ережелерді жаттап алу емес, олардың мағынасын әрекет арқылы түсінуге жағдай жасайды.

Төртіншіден, ертегіге негізделген логопедиялық жаттығулар дыбыстау мен артикуляциялық қабілетті жетілдіруде жоғары нәтижелер береді. Кейіпкерлердің репликаларын рөлмен айту кезінде сөйлеу мүшелері белсенді қимылдайды, бұл өз кезегінде фонетикалық бұзылыстарды түзетуге септігін тигізеді.

Бесіншіден, ертегіге сүйенген сабақтар балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып қана қоймай, жағымды эмоционалды орта қалыптастырады. Мұндай орта сөйлеуден тартынатын, ұялшақ немесе сенімсіз балалардың ішкі еркіндігін дамытады. Сабақ барысында бала өз сезімін еркін білдіріп, сөйлеуге деген қорқынышын жеңеді. Бұл кезеңде рефлексия элементтері де дамып, бала өзінің эмоциясын сөз арқылы жеткізе бастайды [10].

Анықтаушы және бақылау кезеңдерінде алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау мақсатында ЖСТД балалардың сөздік қорының даму динамикасы төмендегі диаграммада ұсынылған.



Сурет 3 – Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздік қорының даму динамикасы

Анықтаушы кезеңнің нәтижелері бойынша зерттеуге қатысқан 30 баланың 18-і (60%) сөздік қордың төмен деңгейінде, 9 бала (30%) орта деңгейде және тек 3 бала (10%) жоғары деңгейде тіркелді. Бұл кезеңде балалардың көпшілігі сөздерді шектеулі қолданғаны, сұрақтарға қысқа жауап бергені және жаңа сөздерді белсенді сөйлеуде сирек пайдаланғаны байқалды.

Қазақ халық ертегілеріне негізделген логопедиялық сабақтар жүйелі түрде жүргізілгеннен кейін алынған бақылау кезеңінің нәтижелері айтарлықтай оң өзгерістерді көрсетті. Атап айтқанда, төмен деңгейдегі балалардың үлесі 26,7%-ға (8 бала) дейін азайды, орта деңгейдегі балалар саны 43,3%-ға (13 бала) дейін артты, ал жоғары деңгейдегі балалардың көрсеткіші 30%-ға (9 бала) жетті.

Осылайша, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 20 пайыздық тармаққа артқаны анықталды. Бұл дерек ертегіге негізделген әдістердің балалардың сөздік қорын кеңейтуге және белсенді лексиканы қалыптастыруға елеулі ықпал ететінін дәлелдейді.

Диаграммада анықтаушы кезеңде төмен деңгейдің басым болғаны және бақылау кезеңінде орта және жоғары деңгейлердің айтарлықтай артқаны көрініс тапқан. Бұл өзгерістер логопедиялық жұмыста ертегіге негізделген әдістерді қолданудың тиімділігін көрнекі түрде дәлелдейді.

Алынған нәтижелер логопедиялық жұмыс пен ойын әрекетінің өзара кірігуі балалардың сөйлеу белсенділігін арттыратынын көрсетті. Қазақ халық ертегілерінің қайталамалы тілдік құрылымдары балаларға жаңа сөздерді жеңіл қабылдап, оларды сөйлеу барысында белсенді қолдануға мүмкіндік берді. Ертегіні әңгімелеп айту, сахналау және иллюстрация бойынша әңгімелеу әдістері балалардың сөйлеуге деген ішкі мотивациясын күшейтіп, диалогтік қарым-қатынасқа түсуін ынталандырды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ халық ертегілерін логопедиялық сабақтарда жүйелі қолдану жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын сандық тұрғыдан едәуір жақсартатынын дәлелдеді. Анықтаушы және бақылау кезеңдері арасындағы салыстырмалы талдау ертегіге негізделген әдістердің балалардың тілдік дамуын тиімді қолдайтынын көрсетті. Бұл әдістеме балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуына жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, ертегіге негізделген логопедиялық жұмыс нәтижесінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың тілдік құзыреттілігінде айқын оң өзгерістер байқалады:

- белсенді сөздік қоры кеңейеді;
- грамматикалық қателердің жиілігі азаяды;
- байланыстырып сөйлеу қабілеті жетіледі, балалар өз ойын толық және жүйелі сөйлемдер арқылы жеткізеді;
- сөйлеудің мазмұндылығы мен логикалық бірізділігі артады;
- сұрақтарға толық және мағыналы жауап беру дағдысы қалыптасады [3].

Г.Б. Ибатова және оның әріптестері [4] жүргізген зерттеу нәтижелері де бұл тұжырымды растайды. Қазақ халық ертегілерін жүйелі түрде қолданған топтағы балалар бақылау тобымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Мұндай балалар оқиғаның мазмұнын ретімен баяндауда, эпизодтарды жүйелеуде, сұрақтарға толық жауап беруде және диалог құруда анағұрлым белсенділік танытқан.

Қазақ халық ертегілерін логопедиялық тәжірибеде жүйелі қолдану балалардың сөйлеу тілін лексикалық, грамматикалық және фонетикалық деңгейде кешенді жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ертегі балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын және әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесін байытып, олардың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ халық ертегілерін жүйелі түрде қолданудың жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын жетілдіруде жоғары тиімділікке ие екенін дәлелдеді. Ертегі баланың тілдік тәжірибесін байытып, жаңа сөздерді мағыналық байланыста меңгеруге және грамматикалық үлгілерді табиғи түрде игеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, логопедиялық сабақтарда ертегі терапиясын құзыреттілік тұрғыдан ұйымдастыру балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, сөйлеу бұзылыстарын түзетудің нәтижелілігін күшейтетіні анықталды [4].

Қорытынды

Қазақ халық ертегілерін логопедиялық тәжірибеде қолдану тек сөздік қорды байытумен шектелмей, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуға да ықпал ететіні тәжірибелік түрде дәлелденді [3].

Мақалада ұсынылған кезеңдік модельге сәйкес, қазақ халық ертегілерін логопедиялық сабақтарда қолдану төрт деңгейлі құрылым бойынша жүзеге асырылады:

1. Мотивациялық деңгей. Сабақ басында қысқа және қызықты ертегі мәнерлеп баяндалып, балалардың қызығушылығын ояту, назарын шоғырландыру және оқу процесіне оң көзқарас қалыптастыру көзделеді.

2. Тілдік жаттықтыру деңгейі. Ертегі мазмұны негізінде сөздік және грамматикалық жаттығулар ұйымдастырылады. Бұл кезеңде балалар жаңа сөздерді контексте қолдануға және сөйлем үлгілерін құрастыруға машықтанады.

3. Белсенді сөйлеу деңгейі. Балалар ертегіні рөлге бөліп айтады, сурет бойынша әңгімелейді, сахналық көріністерге қатысады. Осы әрекеттер арқылы диалогтік сөйлеу белсенділігі, дауыс ырғағы мен сөз мәнерлілігі жетілдіріледі.

4. Рефлексиялық деңгей. Сабақ соңында бала өз әсерін, ой-пікірін, ертегі мазмұнына қатысты жеке тұжырымдарын еркін түрде жеткізеді. Бұл кезең баланың өзіндік ойлауын, сөйлеу еркіндігін және тілдік рефлексиясын қалыптастырады.

Ұсынылған модель баланың тілдік материалды кешенді меңгеруін қамтамасыз етеді. Тыңдау, жауап беру, қайталау, рөлдік әрекет пен өз ойын айту сияқты барлық тілдік іс-әрекеттер бір мазмұндық өріс – ертегі сюжеті аясында жүзеге асады. Мұндай тәсіл жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда жиі байқалатын сөздік қор тапшылығын, грамматикалық бұрмалауларды және сөйлеудегі сенімсіздікті жеңуге мүмкіндік береді.

Қазақ халық ертегілерін логопедиялық және түзету педагогикасы тәжірибесіне тиімді енгізу мақсатында келесі бағыттар ұсынылады:

– арнайы балабақшалар мен түзету кабинеттеріне арналған ертегі аудиожинақтарын, кейіпкерлер суреттерін және қуыршақ театрларына арналған көрнекіліктерді әзірлеу;

– логопедтерді даярлау бағдарламаларына «Ертегі терапиясы» модулін енгізіп, әдістемелік нұсқаулықтар мен құралдар шығару;

– ата-аналармен жұмыста ертегі оқу мәдениетін қалыптастырып, үй жағдайында қазақ халық ертегілерін жүйелі түрде қолдануға ынталандыру;

– ертегі мазмұнын заманауи технологиялармен ұштастырып, мультимедиялық қойылымдар мен интерактивті логопедиялық ойындар форматында ұсыну.

Қазақ халқының бай фольклорлық мұрасы – мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде баға жетпес педагогикалық және психолінгвистикалық ресурс болып табылады. Ертегі мазмұнына ену, кейіпкер рөлінде сөйлеу және оқиға желісін мазмұндау баланың тілін ғана емес, оның дүниетанымын, қиялын, эмоционалды интеллектісін және өзін-өзі бағалау қабілетін дамытады. Қазақ халық ертегісімен тәрбиеленген бала – тілдік тұрғыдан бай, ойы жүйелі, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Жолтаева Г.Н., Аяджан М.Т. Ертегілер арқылы бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру // ЖУ Хабаршысы (Вестник Жетісуского университета имени И. Жансугурова). – №1(114). – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. – 2025. – Б. 83–91. DOI: <https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.114.1.010>.

2 Левина Р.Е. Общая характеристика недоразвития речи у детей и его влияние на овладение письмом // Хрестоматия по логопедии: Т. 2 / ред. Л.С. Волкова, В.И. Селиверстов. – Москва: Владос, 2014. – С. 375–386.

3 Ибатова Г.Б., Қораш Ә.Е. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (III деңгей) мектеп жасына дейінгі балаларда тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда қазақ ертегілерінің рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – 2024. – № 1(76). – Б. 67–73.

4 Мажинов Б.М., Амангелді М.Е. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған кіші мектеп жасындағы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – 2023. – № 4(75). – Б. 75–80.

5 Bettelheim B. The Uses of Enchantment: The Meaning and Importance of Fairy Tales: монография / Bruno Bettelheim. – New York: Random House. – 1976. – 328 p.

6 Isbell R., Sobol J., Lindauer L., Lowrance A. The Effects of Storytelling and Story Reading on the Oral Language Complexity and Story Comprehension of Young Children // Early Childhood Education Journal. – Boston: Springer. – 2004. – Vol. 32, No. 3. – P. 157–163.

7 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: монография / Л. С. Выготский. – Санкт-Петербург: Союз, 1997. – 96 с.

8 Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Логопедия. – Екатеринбург: ЛИТУР. – 2014. – 320 с.

9 Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Путь к волшебству. Теория и практика сказкотерапии: монография / Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева. – 6-е изд. – Санкт-Петербург: Речь. – 2006. – 284 с.

10 Жулина Е.В., Дадашова С.Д. Значение сказки в коррекции недостатков связного речевого высказывания у детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня // Вестник практической психологии образования. – Москва: Федеральный институт развития образования. – 2018. – № 3. – С. 56–62.

11 Жулина Е.В., Кузнецова Т.Н. Коррекция нарушений связной речи дошкольников с ОНР посредством сказки // Дефектология және арнайы психологиядағы инновациялар. – Қарағанды: Қарағанды университеті. – 2019. – № 4. – Б. 112–118.

12 Мовкебаева З.А., Ермагамбет А.Ы. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту: арнайы педагогтарды даярлау ерекшеліктері // KazNU Bulletin. Pedagogical Sciences Series. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – 2024. – № 2(79). – Б. 105–112.

13 Выготский Л.С. Мышление и речь: монография / Л.С. Выготский. – Москва: Юрайт, 2019. – 432 с.

14 Матсук З., Фенко М. Казкотерапія в системі мовленнєвого розвитку дошкільників // Східноєвропейський журнал психолінгвістики. – Острог: НаУОА (Національний університет «Острозька академія»). – 2016. – Т. 3, № 1. – С. 91–101.

15 Sakulova A.B., Satova A.K., Kalykbaeva A.Z. The specifics of speech therapy work in developing dialogic speech skills in preschool children // Research Retrieval and Academic Letters. – Warsaw: European Research Institute. – 2025. – № 9 (Pedagogical Sciences). ISBN 978-8-7609-5367-5. DOI: 10.5281/zenodo.15461091.

REFERENCES:

1 Joltaeva G.N., Aiajan M.T. (2025). Ertegiiler arqyly bastauys synyp oquşylarynyñ adamgerşilik qasietterin qalyptastyru [Formation of moral qualities of primary school students through fairy tales]. ZHU Bulletin. Pedagogical Sciences Series, vol. 1, no. 114, pp. 83–91. DOI: <https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.114.1.010> (in Kazakh)

2 Levina R.E. (2014). Oþaia harakteristika nedorazvitiya rechi u detei i ego vlianie na ovalenie pismom [General characteristics of speech underdevelopment in children and its influence on mastering writing]. Hrestomatia po logopedii: T. 2 / red. L.S. Volkova, V.Í. Seliverstov. – Moskva: Vldos, vol. 2, pp. 375–386. (in Russian)

3 İbatova G.B., Qoraş Ä.E. (2024). Söileu tili jalpy damymağan (III deñgei) mektep jasynda deingi balalarda tıldık qüzirettilikti qalyptastyru qazaq erteğileriniñ röli [The role of Kazakh folk tales in the formation of linguistic competence in preschool children with general speech underdevelopment, level III]. Herald of Abai Kazakh National Pedagogical University. Special Pedagogy Series, vol. 1 no. 76, pp. 67–73. (in Kazakh)

4 Majinov B.M., Amangeldi M.E. (2023). Söileu tili jalpy damymağan kishi mektep jasyndağy balalaryñ komunikativti dağdylyryn damytu erekşelikleri [Features of developing communicative skills in primary school children with general speech underdevelopment]. Herald of Abai Kazakh National Pedagogical University. Special Pedagogy Series, vol. 4, no. 75, pp. 75–80. (in Kazakh)

5 Bettelheim B. (1976). The Uses of Enchantment: The Meaning and Importance of Fairy Tales. New York: Random House. 328 p.

6 Isbell R., Sobol J., Lindauer L., Lowrance A. (2004). The effects of storytelling and story reading on the oral language complexity and story comprehension of young children. Early Childhood Education Journal, vol. 32, no. 3, pp. 157–163.

7 Vygotski L.S. (1997). Voobrajenie i tvorcestvo v detskom vozraste: monografija [Imagination and creativity in childhood]. St. Petersburg: Socio-Press. 96 p. (in Russian)

8 Jukova N.S., Mastükova E.M., Filicheva T.B. (2014). Logopedia [Speech therapy]. Ekaterinburg: LITUR. 320 p. (in Russian)

9 Zinkevich-Evstigneeva T.D. (2000). Püt k volşebstvu. Teoria i praktika skazkoterapii: monografija [The path to magic: Theory and practice of fairy-tale therapy]. St. Petersburg: Rech'. 284 p. (in Russian)

10 Julina E.V., Dadaşova S.D. (2018). Znachenie skazki v koreksii nedostatkov sväznogo rechevogo vyskazyvaniya u detei starşego doşkölnogo vozrasta s ONR III urovnä [The role of fairy tales in correcting connected speech deficiencies in older preschool children with general speech underdevelopment, level III]. Vestnik prakticheskoy psikhologii obrazovaniya, no. 3, pp. 56–62. (in Russian)

11 Julina E.V., Kuznesova T.N. (2019). Koreksia narušeni sváznoi rechi doškólnikov s ONR posredstvom skazki [Correction of connected speech disorders in preschoolers with general speech underdevelopment through fairy tales]. Defektologiya zháne arнай psikhologiyadaғы innovatsiyalar, no. 4, pp. 112–118. (in Russian)

12 Movkebaeva Z.A., Ermagambet A.Y. (2024). Erte jastaғы balalardyñ söileu tılın damytu: arнай pedagogtardy daiarlau erekшелikleri [Development of speech in early childhood: Features of training special educators]. KazNU Bulletin. Pedagogical Sciences Series, vol. 2, no. 79, pp. 105–112. (in Kazakh)

13 Vygotski L.S. (2019). Myšlenie i rech: monografiya [Thinking and speech]. Moscow: Yurayt. 432 p. (in Russian)

14 Matsük Z., Fenko M. (2016). Kazkoterapiia v sistemi movlennevoogo rozvitku döşkilnikiv [Fairy-tale therapy in the system of speech development of preschoolers]. East European Journal of Psycholinguistics, vol. 3, no. 1, pp. 91–101. (in Ukrainian)

15 Sakulova A.B., Satova A.K., Kalykbaeva A.Z. (2025). The specifics of speech therapy work in developing dialogic speech skills in preschool children. Research Retrieval and Academic Letters, 9 (Pedagogical Sciences). Warsaw, Poland. <https://doi.org/10.5281/zenodo.15461091>

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ ЧЕРЕЗ КАЗАХСКИЕ НАРОДНЫЕ СКАЗКИ

Сакулова А.Б.^{1,*}, Калыкбаева А.Ж.¹, Байтурсынова А.А.², Танабаева Г.Т.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова,
Республика Казахстан г. Шымкент

*e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, almagulkalykbaeva@yandex.ru,
aigul.baitursynova.72@gmail.com, gulmira.tanabayeva.84@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются эффективные пути обогащения словарного запаса и совершенствования грамматических структур у детей 5-6 лет с общим недоразвитием речи (ОНР) III уровня посредством казахских народных сказок, обладающих высоким воспитательным потенциалом. Сказка рассматривается не только как средство речевого развития, но и как духовно-культурное наследие народа, способствующее обогащению речи новыми словами и формированию навыков построения предложений. В исследовании описаны особенности речи детей с ОНР, выявлены характерные для этой категории дефициты словарного запаса и слабость грамматических структур, что требует особого направления коррекционно-развивающей работы. На основе анализа трудов зарубежных, российских и отечественных ученых подробно раскрыта значимость народных сказок как средства развития речи. В статье представлены основные методы логопедической работы со сказкой: пересказ содержания, распределение ролей и инсценировка, рассказывание по иллюстрациям и составление диалогов. Комплексное применение данных методов способствует расширению словарного запаса, правильному использованию грамматических конструкций и формированию связной речи. Научная новизна исследования заключается в том, что впервые представлена целостная методическая система, адаптированная к особенностям лексического и грамматического развития детей с ОНР III уровня, основанная на использовании казахских народных сказок. Кроме того, систематизированы приемы эффективного формирования диалогической речи на основе структурных особенностей сказочного текста. Результаты исследования показали, что применение логопедической модели на основе казахских народных сказок способствует значительному развитию словарного запаса, грамматического строя и диалогической речи у дошкольников с общим недоразвитием речи.

Ключевые слова: сказкотерапия, словарный запас, грамматическая структура, связная речь, диалог.

DEVELOPMENT OF SPEECH IN CHILDREN WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT THROUGH KAZAKH FOLK TALES

A. Sakulova^{1,*}, A. Kalykbaeva¹, A. Baitursynova², G. Tanabayeva³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana

³U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, almagulkalykbaeva@yandex.ru, aigul.baitursynova.72@gmail.com, gulmira.tanabayeva.84@mail.ru

Abstract. This article explores effective methods for enriching the vocabulary and improving the grammatical structures of 5-6-year-old preschool children with level III general speech underdevelopment (GSU) through Kazakh folk tales with high educational potential. A folk tale is viewed not only as a tool for language development but also as a part of the nation's spiritual and cultural heritage that enriches children's speech with new words and helps form sentence construction skills. The study describes the speech characteristics of children with GSU, highlighting their limited vocabulary and weak grammatical structures, which require special corrective and developmental approaches. Based on the analysis of foreign, Russian, and Kazakh scholars' works, the importance of folk tales as an effective means of language development is comprehensively discussed. The article presents the main methods of logopedic work using fairy tales retelling, role-play dramatization, storytelling through illustrations, and dialogue construction. The integrated use of these methods promotes the enrichment of vocabulary, proper use of grammatical structures, and the development of coherent speech. The scientific novelty of the study lies in the development of a holistic methodological system adapted to the lexical and grammatical development of children with level III GSU, based on the use of Kazakh folk tales. In addition, the article systematizes specific logopedic techniques for effectively developing dialogic speech through the structural features of fairy-tale texts. The findings demonstrate that the use of a speech therapy model based on Kazakh folk tales significantly improves vocabulary development, grammatical structures, and dialogic speech skills in preschool children with general speech underdevelopment.

Keywords: fairy-tale therapy, vocabulary, grammatical structure, coherent speech, dialogue.

Авторлар туралы мәліметтер:

Сакулова Ақбөпе Байбатырқызы* – докторант, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, ORCID: 0009-0000-0371-7806).

Калыкбаева Алмагул Жақановна – PhD, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru, ORCID: 0000-0001-5214-9526).

Байтурсынова Айгул Аманжоловна – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ., e-mail: aigul.baitursynova.72@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3422-9220).

Танабаева Гүлмира Тулебаевна – филология ғылымдарының кандидаты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4753-6091).

Сведения об авторах:

Сакулова Акбөпе Байбатыровна* – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, ORCID: 0009-0000-0371-7806).

Калыкбаева Алмагул Жақановна – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru, ORCID: 0000-0001-5214-9526).

Байтурсынова Айгул Аманжоловна – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Казахстан, г. Астана, e-mail: aigul.baitursynova.72@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3422-9220).

Танабаева Гүлмира Тулебаевна – кандидат филологических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова (Казахстан, г. Шымкент, e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4753-6091).

Information about authors:

Sakulova Akbope* – Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com, ORCID: 0009-0000-0371-7806).

Kalykbaeva Almagul – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru, ORCID: 0000-0001-5214-9526).

Baitursynova Aigul – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana, e-mail: aigul.baitursynova.72@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3422-9220).

Tanabayeva Gulmira – Candidate of Philological Sciences, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ö. Zhanibekov (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4753-6091).